

"Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 125 қаулысы.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 27-бабын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңын басшылықта ала отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулылары жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Т.Е.Каюповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

F.Есқалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы

"___" №
қаулысымен бекітілген

"Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Басқарма) мемлекеттік жоспарлау жүйесін іске асыру, облыстық бюджетті атқару, бухгалтерлік және бюджеттік есепті, қаржылық және бюджеттік есептілікті жүргізу салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлери және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхamedов көшесі, 45.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарма қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Басқарманың міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) облыстың бюджет саясатының негізгі басымдықтарын бюджеттік жоспарлау және қалыптастыру;

2) жергілікті бюджеттің атқарылу барысын ұйымдастыру, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік және бюджеттік есепті, қаржылық және бюджеттік есептілікті жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқармаға жүктелген бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1-1) мемлекеттік органдар мен өзге де үйымдардан Басқармаға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды сұратады және алады;

1-2) өз құзыреті шегінде мемлекеттің қатысуымен үйымдарды құру, қайта үйимдастыру, сондай-ақ тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

1-3) сараптамалар жүргізу және консультациялар беру үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардан мамандар, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар тартады;

1-4) облыстың жергілікті атқарушы органына бюджеттік инвестицияларды тиімді жүзеге асыру шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

1-5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқармаға жүктелген бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы өзге де құқықтарды жүзеге асырады;

1-6) Басқарма өзінің құзыретіне кірмейтін қызметпен айналысуға құқылы емес.

2) міндеттері:

2-1) облыстық бюджет туралы облыстық мәслихат шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы облыстың бюджеттік комиссиясының ұсыныстары негізінде бюджет қаражатын қысқарту туралы шешімдер қабылданған бюджеттік бағдарламалар бойынша операцияларды уақытша тоқтатады;

2-2) заңды және жеке тұлғалар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда, өз құзыреті шегінде және заңнама шенберінде қажетті материалдар мен ақпарат ұсынады;

2-3) "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша облыс әкімдігінің және әкімнің актілері жобаларын әзірлейді;

2-4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқармаға жүктелген бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

1) үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің негізгі параметрлерін, жоспарлы кезеңге арналған облыс бюджетінің жобасын әзірлеу;

2) аумақтық салық органымен бірлесіп, жергілікті бюджетке кірістерді болжау;

3) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша шығыстар көлемдерін болжау;

4) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау және олар бойынша қорытындылар әзірлеу;

5) жоспарлы кезеңге арналған облыстық бюджетті бекіту, нақтылау туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу және оны облыстың бюджеттік комиссиясының қарауына ұсыну;

6) тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетті бекіту, нақтылау туралы облыстық мәслихат сессиясының шешімін іске асыру жөнінде облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу;

7) үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджет және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті арасындағы жалпы сипаттағы трансфертер көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу;

8) бюджеттік жоспарлау процесін әдістемелік қамтамасыз ету;

9) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық қорытындыларын қарау және әзірлеу;

10) жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік инвестиациялардың іске асырылуына мониторинг жүргізу;

11) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы іске асыру жоспарланып отырған бюджеттік инвестиациялардың қаржы-экономикалық негіздемелері бойынша экономикалық қорытынды әзірлеу;

12) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурсстық құжаттамасын жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаға сараптама жіберу;

13) жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаның сараптамасы негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тұжырымдамасына қорытынды дайындау;

14) тиісті сараптамалар мен келісулер негізінде конкурсстық құжаттама бойынша және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық сүймелдеу жөнінде қызметтер көрсетуге арналған қорытындылар қалыптастыру және оларды бюджеттік комиссияның қарауына енгізу;

15) бюджеттік комиссия мақұлдаған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін және консультациялық сүйемелдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыру;

16) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, облыстық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасауды, бекітуді және жүргізуді жүзеге асырады;

17) облыстық бюджеттің міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады;

18) бюджеттің атқарылуын ұйымдастыруды және бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік ететін түсімдер бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруды және (немесе) есепке жатқызу процесіне қатысады;

20) бюджет ақшасын басқаруды ұйымдастырады;

21) төлемдердің уақтылы және толық төленуін жүргізуді қамтамасыз ету үшін:

бюджетке түсे�тін түсімдердің күтілетін көлемдерін және жоспарлы кезеңге арналған шығыстардың атқарылуын, қолма-қол ақша профицитін (тапшылығын) және оны жабу көздерін айқындау жөніндегі процесс болып табылатын қолма-қол ақша легінің болжамын жасайды;

облыстық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы мониторингін жүргізеді;

22) міндеттемелердің уақтылы қабылданбау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы жүргілмеу себептерін анықтау, бюджет түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамдарын жасау мақсатында жүзеге асырылатын бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін тұрақты және жүйелі жинау, бақылап отыру және талдауды жүзеге асырады;

23) бюджеттік мониторинг нәтижелері бойынша тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша облыс әкімдігіне жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есепті, сондай-ақ ай сайын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша қабылданбаған міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының уақтылы орындалмағаны туралы ескертпе-ақпарат береді;

24) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады;

25) бюджеттік есепке алуды жүзеге асырады;

26) ай сайын және жыл қорытындылары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Бюджет кодексімен көзделген есептерді береді;

27) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша әкімдікке, облыстың тексеру комиссиясына, облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдына, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп береді;

28) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей есепті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті әкімдікке, облыстың мемлекеттік жоспарлау органдына және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады;

29) уақытша бос бюджет ақшасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі салымдарына орналастыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдынан уақытша бос бюджет ақшасын аударуға арналған Бас келісімді жасайды;

30) бюджеттік кредитке қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

30-1) жергілікті бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде кредиттік шартқа, кредиттік шартқа қосымша келісімге қол қояды және тіркейді;

31) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өнірдің бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалауды жүзеге асыруы шеңберінде облыс әкімдігіне ақпарат ұсынады;

32) жергілікті атқарушы органның резервінен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің шұғыл шығыстарына, қолма-қол ақшасының тапшылығын жабуға қаражат бөлу туралы облыстың жергілікті атқарушы органының шешімдері жобаларына қорытындылар әзірлеу;

33) жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар өткізілген жағдайда, облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы өтінішхатты қарастыру;

34) мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылышын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздарын шығаруға, орналастыруға, айналысқа қосуға, қызмет көрсетуге және өтеуге қатысты мәселелер бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 19.03.2024 № 62 қаулысымен.

3. Басқарманың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

2) Басқарма басшысы орынбасарларының, бөлім басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) сыйайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағыттағы жұмысқа дербес жауап береді;

4) Басқарма қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлерін ынталандыру, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) Басқарма бөлімдері туралы ережелерді және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) өз құзыretі шеңберінде бүйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарма атынан өкілдік етеді;

9) өз құзыretі шегінде гендерлік саясат мәселелері бойынша жұмыс жүргізеді және осы бағытта дербес жауапты болады;

10) белгіленген тәртіппен қаржы-экономикалық және шаруашылық қызмет мәселелерін шешеді, бюджеттік қаражаттардың тиімді және мақсатты жұмсалуын бақылайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Басқарманың мүлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Батыс Қазакстан облысы

әкімдігінің 2022 жылғы

" " №

каулысына қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің жойылатын қаулыларының тізімі

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы №245 "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысы;
2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы №245 "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 16 қантардағы №2 қаулысы;
3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы №245 "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 12 маусымдағы №143 қаулысы;
4. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы №245 "Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 4 қыркүйектегі №203 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК